

**Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде «Саналы ұрпақ»
жобасы аясында атқарылған іс шаралары**

АНЫҚТАМА

Бала «саналы» болып өсу үшін әсер ететін негізгі фактор ол- тәрбие. Қазіргі уақытта біз дербес, егемен қазақ елінің саналы азаматы мен азаматшасымыз. Жоғарыда айтылып, өткен тәрбиенің негізгі түп тамыры осы қазақ ұлттың кемел бұллыңғырсыз жарқын болашағының болуы. «Саналы ұрпақ» дегенді қалай түсінеміз? Саналы ұрпақ - ол жастайынан ұлтының бар болмысын бойына жинаған, елдің өсіп, өркендеуіне деген қадамдарын нық әрі, күмәнсіз баса алатын, мемлекеттің дамуына тамшыдай болсын үлес қосатын «тамшыда тама - тама көл болады» дейтін бір тамшысынан үлкен көл теңіз жасай алатын, өзінің өзгерумен қатар әлемді өзгертуге тырысатын, «Әлемді өзгерту үшін алдымен өзің өзгеріс жаса!» - деген ұранды өзінің басты өмірлік ұстанымына айналдырған білімді, жан-жақты жалындап жанып тұрған, ерік - жігері мықты жастар деп білемін. Еліміздің болашағын дәл осындай ұрпаққа қорықпастан аманаттай аламыз. Бүгінгі жас ертенгі аға буын өкілі дәл қазіргі мезетте оларға қандай бағыт-бағдар берсек, сол бағдармен өз жолын таппақ. 10.09.2023 жылы Сыбайлас жемқорлық ұйымының жоспарына сәйкес орай «Саналы ұрпақ студенттер клубының жоспарына сәйкес, колледж студенттерін ата-аналарды демеушілерді, жұмыс берушілерді және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың өкілдерін міндетті түрде енгізе отырып, әдеп, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылды. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Араппайұлы алғы сөз бастап семинарды ашып берді.

Колледж директоры : Н.Абтикалыков

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Араппайұлы

Саналы ұрпақ жетекшісі:  Ә.Жолдасбай

**Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде «Саналы ұрпақ»
жобасы аясында атқарылған іс шаралары**

АНЫҚТАМА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастамасымен, облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау және парасаттылық идеологиясын қалыптастыру мақсатында, колледж студенттеріне білім басқармасының жіберілген сілтемесіндегі бейнеролликтер мен, аудиоролликтерді пайдалана отырып тәрбие сағаттарын өткізді. 17.10.2023 жылы Сыбайлас жемқорлық күніне орай «Саналы ұрпақ студенттер клубының жоспарына сәйкес, колледж студенттерімен семинар өтті. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Араппайұлы алғы сөз бастап семинарды ашып берді. «Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі Ә.Жолдасбай студенттермен бейнороликтерді талқылап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тәрбие сағаттың мақсаты: студенттерге «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекеттеріне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Сондай –ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мен болдырмау шараларына тоқталып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің зардаптары түсіндіріліп, қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді. Ол жол – Елбасымыз алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы деп студенттерге бүгінгі семинардың үлкен тәрбиелік мәні бар, өмірлеріне мол тәжірибелік азық ететін құнды деректер алдындар деп ойлаймын және

сіздердің аттарыңыздан сенім білдіремін деді директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Араппайұлы.

Колледж директоры:  Н.Абтикалыков

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Араппайұлы

Саналы ұрпақ жетекшісі:  Ә.Жолдасбай

